

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.1 - С.299-301

## АБАЙ МЕН ЖҮСІП БАЛАСҰҒЫН ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Ерадилова А.,  
Айдарбекова Ж.Қ.

Түркі халықтарына ортақ ХІ ғасырдың аса көрнекті ақыны, данышпаны, ойшыл, қоғам қайраткері Жүсіп Баласағұн мен ХХ ғасырдағы қазақ халқының бас ақыны Абай Құнанбаевтың поэзиясының мазмұндық сипаты жағынан үндестікті көреміз. Мүмкін оның бір себебі Абайдың шығыс классиктерінің шығармаларын оқып, сусындануы болса, ендігі бір себебі екі ақынның өмірді танып білу ерекшелігінде болуы мүмкін.

Екі ақын да өздігінен ойшыл-философтар. Олардың өлеңдерінде қозғалған тақырыптар – ғасырлар бойы мәңгі өлмес өмір құндылықтары туралы. Олар адамгершілікті, адалдықты, адамды сүюді жырлайды. Адамгершілік жас бала мен ақсақал қарияға дейін болу қажеттілігін айтып, әсіресе ел билеушілердің бойындағы адамгершіліктің «жоқтығын, тайыздығын» сынайды.

Жүсіп Баласағұн мен Абай шығармаларындағы басты идеяның бірі – ел мүддесін ойлайтын адал басшының бейнесін көрсету арқылы әділетті қоғам орнату, мемлекетті дұрыс басқару, білімді игеру, ақылды, қанағатшыл және ізгілік, кісілік қасиеті бар тұлға тәрбиелеу. Өлеңдеріндегі басты қасиет – адамның кісілік қасиеті мен келбетін сақтауы. Әр түрлі адамдар арасындағы қоғамдық мінез-құлық ережелерін, билеуші мен бағынушы арасындағы қарым-қатынас туралы баяндайды.

Ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп қалған екі ақынның өлеңдерінде қоғам туралы, адам баласының асыл қасиеті ізгілік туралы айрықша жырланады. Ұлттық тәрбие құндылықтарын жас ұрпақ бойына сіңіру мәселесі терең қарастырылады.

Қос ғұлама ақынның шығармалары – тәлім-тәрбиелік құндылықтың қайнар көзі. Олар адам баласын ізгілікке, имандылыққа үндейді, рухани тазалыққа шақырады.

Жүсіп Баласағұн «Адамға екі нәрсе тірек тегі: бірі – сөз, бірі – көңіл жүректегі» десе Абай ақын:

Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез

Нұрын, сырын көруге,

Көкірегінде болсын көз –

деп [1, 23] шығыс даналарынан ұласқан адамның көңіл көзі ашық болып, жүрек айнасы жарқырап тазарып, Жаратқанның ақиқат дидарын танып, толық адам болуға ұмтылыс жасау қажеттігін сөз етеді.

Екі ақын надандық пен қараңғылықты адамгершілікке дақ түсіретін жамандық атаулының өсіп-өніп шығатын ұясы екенін дәйектеп, аяусыз шенейді, оған өнер-білімді, ақыл-ойды қарсы қояды. «Ақыл» деген – шын дос сөзің өтетін, Білім – бауыр мейірбандық ететін», «Білім ал, осы өмірдің жолын ашар, Кісіден білім білген бәле қашар», «Түк те білмес анасынан туғандар, Төрге шығар өнер-білім қуғандар», «Білімсіз дертке ұшырап күйзеледі, Ауруын емдемесе – тез өледі» деген Жүсіп Баласағұн білімді үйренуге талаптану адамды сапалық жаңа белеске көтеретінін дәріптеп, әсіресе ел тұтқасын ұстап отырған патша, уәзір, әскербасы, елші, хатшы, жұлдызшы, сарай қақпашысы, қазынашы секілді тұлғалардың ілім-білімге аса жүйрік болуы мемлекеттің дамуының кепілі екенін дәлелдейді.

Жүсіп Баласағұн «Пайдасы үшін дос болғанды тұт та оғаш, Араласпа, араласса, зыт та қаш», десе ұлы Абай:

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,

Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда.

Мұнан менің қай жерім аяулы деп,

Бірге тұрып қалады кім майданда? –

деп, айнымас дос аңсайды, тәтті татулықты армандайды [2, 34]. Жар таңдау, отбасына ұйытқы болу, баланы дұрыс тәрбие-леу секілді өмір-тіршілікте кездесетін маңызды тақырыптар туралы ақындардың көзқарасы ортақ болғандықтан бірін-бірі толықтырып, нәрлендіре түседі:

«Тапсаң егер ақылды қыз көз жетіп, Қапы қалмай, үйленіп ал тездетіп... Пейілді әйел көрікті де, текті ғой, «Әйел көркі – қылығында» – депті ғой деп Ж.Баласағұн жігіттер армандайтын сұлу, бай, текті әйелден гөрі ақылды әйелді таңдау абыройлы болатынын баян етеді. Ал Абайдың мына ойлары сол аумақтан алшақ кетпейді:

Әйел жақсы болмайды көркіменен,

Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме.

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,

Кедей қызы арзан деп құмарланба.

Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,

Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.

Өмірдің өткіншілігі, адамдардың тату-тәтті сыйластығы, еңбекті дәріптеу, тән мен жанның мәні секілді маңызды тақырыптар екі ақынның жырында да үндестік танытады.

Бұл өлімді ақыл-ой да тыймайды,

Ол айылын білімнен де жимайды...

Тәннің орны болады екен қабірде,

Жанның орны – ылғи көкте, қазір де.

Ұшты жаны, қалып мұнда боқ қарын,

Құдай білер, оның қайда тоқтарын!

Ақын Абай «Өлді деуге сыя ма айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп [3, 117], өнердің мәңгілік ие қасиетін ажарласа, Ж.Баласағұн былайша жыр төгеді:

Туған – өлер: бәріне атақ келмейді,

Жақсы сөзі қалған адам өлмейді...

Кісілерден кісі мирас іздеген,

Онысы – сөз пайда әкелер жүздеген.

Қорыта айтқанда, екі дәуірде өмір сүрсе де қос ақын бір мәселені жырлап, насихаттады. Тақырыптық жағынан үндестік табуы Жүсіп Баласұғын мен Абай Құнанбаев шығармалы бүгінгі ұрпақ тәрбиесі үшін теңдесі жоқ қазына болып табылады

#### Әдебиеттер тізімі

1.Ахметов Т. Жүсіп Баласағұнның тәлім-тәрбиелік

идеялары: пед.ғылы.канд...автореп: ... 13.00.01.-Астана-2013 ж. – 56 б.

2.Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы: «Жалын», 1995 ж. – 384 б.

3.Өмірәлиев Қ. «Абай афоризмі». – Алматы: «Қазақстан», 1993 ж. – 274 б.